



**Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Ұлттық
аэроғарыш агенттігі туралы ережені бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 11 шілде N 1096. Күші
жойылды - ҚРҰ-нің 1998.05.04. N 397 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі

- Ғылым академиясының Ұлттық аэроғарыш агенттігі туралы ереже
бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым
академиясы жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігі туралы" Қазақстан
Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 3 сәуірдегі N 382 қаулысының

P960382_

(Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 14, 112-құжат)
күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 11 шілдедегі
N 1096 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі -
Ғылым академиясының Ұлттық аэроғарыш агенттігі
(Ғылыммині-Ғылым академиясының
ұлтаэроғарышагенттігі) туралы
ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Ұлттық аэроғарыш агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) Қазақстан Республикасының аэроғарыш қызметі саласындағы мемлекеттік басқару органы болып табылады.

2. Агенттік Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының құзыреті шегінде аэроғарыш қызметі саласында арнайы атқарушы және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді және мемлекеттік басқарудағы аэроғарыш саласында басшылық жасауды дербес жүзеге асырады.

3. Агенттіктің өз құзыреті шегінде қабылдаған шешімдері барлық органдар, ұйымдар, лауазымды адамдар мен азаматтардың атқаруы үшін міндетті болып табылады.

4. Агенттік өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, Қазақстан Республикасының ғылым министрлігі - Ғылым академиясының шешімдерін, ғарыш және әуе кеңістігін зерттеу мен пайдалану мәселелері жөніндегі халықаралық келісімдерді және шарттарды, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

5. Агенттік шетелдік әріптестермен Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының құзыреті шегінде аэроғарыштық жобаларды жүзеге асыру жөнінде келісім-шарттар жасауға және оны атқаруға құқылы.

6. Агенттіктің аппаратын ұстауға жұмсалатын шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясын ұстауға көзделген қаржы есебінен жүзеге асырылады.

7. Агенттік заңды тұлға болып табылады, банктерде шоттары, бюджеттік жіктелу коды, фирмалық белгісі, Қазақстан Республикасының елтаңбасы мен қазақ және орыс тілдерінде өзінің атауы бар мөрі болады.

8. Агенттіктің штаттық санын Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Президенті айқындайды.

II. Агенттіктің негізгі міндеттері, функциялары мен құқықтары

9. Агенттіктің негізгі міндеттері:

аэроғарыш қызметі саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жүзеге асыру;

ғарыш және әуе кеңістігін пайдалану, аэроғарыш инфрақұрылымының объектілерін конверсиялау, диверсификациялау жөніндегі мемлекеттік, мемлекетаралық бағдарламалар мен жобаларды жасау және жүзеге асыру;

1994 жылдың 10 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалға беру Шарты жөніндегі жұмыстарды, Ресей Федерациясы жалға алған "Байқоңыр" кешенінің объектілерін пайдалану жағдайына және сақталуына бақылау жүргізуді қоса, үйлестіруді жүзеге асыру;

"Байқоңыр" кешенінің мүліктік және шаруашылық мәселелерін белгіленген тәртіппен шешу және Қазақстан Республикасының аэроғарыш инфрақұрылымы объектілерінің, "Байқоңыр" кешенінің объектілерін қоса, сақталуын және тиімді пайдалануын қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасында ғарыш кеңістігін игеру, аэроғарыш техникасын пайдалану бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстардың Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына, халықаралық құқық нормаларына, мемлекетаралық келісімдер мен шарттарға сәйкестігін бақылау;

ғарышкерді даярлауды, аэроғарыш саласы үшін кадрлар даярлауды және қайта даярлауды ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

10. Агенттік өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

аэроғарыш саласының жай-күйіне және даму динамикасына талдау жасайды;

"Байқоңыр" кешенінің объектілерін тиімді пайдалану жөніндегі шараларды әзірлеуді және жүзеге асыруды үйлестіреді;

Қазақстан Республикасындағы және басқа мемлекеттердегі ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану саласындағы орталық және жергілікті атқарушы органдармен, ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды;

ғарыш кеңістігін зерттеу жөніндегі мемлекеттік, мемлекетаралық бағдарламалар мен жобаларды жасайды және жүзеге асырады;

аэроғарыштық, ракеталық-ғарыштық, оның ішінде әртүрлі ұшу мақсатындағы жүйелер мен аппараттарды жасауға және пайдалануға қатысатын ұйымдар мен кәсіпорындардың ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарын мемлекеттік реттеу және үйлестіруді ұйымдастырады;

Қазақстан Республикасында аэроғарыш саласын дамыту үшін қажетті құқықтық, экономикалық, экологиялық және ұйымдық нормалар мен жағдайлар жасау жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

аэроғарыш саласының қызметін құқықтық реттеу және осы саладағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру жөніндегі нормативтік құжаттарды әзірлейді;

орталық және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп Ресей Федерациясы Үкіметі немесе уәкілетті органдары жыл сайын ұсынатын ракета-ғарыш техникаларын "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ұшыру жоспарларын қарайды және Қазақстан Республикасы Үкіметіне белгіленген тәртіппен ұсыныс енгізеді;

аэроғарыш қызметінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлейді және жүзеге асырады;

аэроғарыш ғылымы ашылымдарының, жаңалықтары мен жетістіктерінің, перспективалық ғарыштық технологияның, техниканың және материалдарының ақпараттық-технологиялық банкін құрады және жүргізеді әрі олардың мемлекет экономикасын дамыту мүддесіне пайдаланылуына жәрдемдеседі;

бұқаралық ақпарат құралдары мен арнайы басылымдарда аэроғарыш ғылымы мен техникасының жетістіктерін Қазақстан Республикасының ғарыш және әуе кеңістігін зерттеу мен пайдаланудағы мақсаттары мен жетістіктерін насихаттайды;

аэроғарыш қызметі саласындағы мемлекетаралық және халықаралық ұйымдарда, ғылыми және басқа форумдарда, саудада, аукциондарда, көрмелерде Қазақстан Республикасының мүддесін білдіреді;

аэроғарыш техникаларын сертификаттауды және аэроғарыш қызметі саласында лицензиялауды ұйымдастырады және жүзеге асырады.

11. Агенттік өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру және өзінің құзыреті шегінде міндеттерді атқарған кезде мыналарға:

"Байқоңыр" кешені объектілерінің, соның ішінде Ресей Федерациясы жалға алғандарының пайдаланылу жағдайын және сақталуына бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруға;

өз құзыреті шегінде аэроғарыш саласында шаруашылық жүргізуші субъектілермен арадағы даулы мәселелерді қарауға;

аэроғарыш саласының құрамына кіретін ұйымдардың мемлекеттік мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы мәселелерін белгіленген тәртіпте шешуге;

Қазақстан Республикасының аэроғарыш қызметіне жататын мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, лауазымды адамдар мен азаматтардан белгіленген тәртіппен ақпарат сұратуға және алуға;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайлар мен тәртіпте ғарыштық қызметті лицензиялауды жүзеге асыруға;

мемлекеттік кәсіпорындарға қатысы бойынша уәкілетті орган ретінде, олардың жарғыларын бекітуге, оларға қатысты мемлекеттік меншік құқығы

субъектісінің функцияларын жүзеге асыруға, мемлекеттік кәсіпорындардың басшыларын тағайындауға;

кәсіпорындардың, мекемелердің және өзге де ұйымдардың ерікті жарналары есебінен құрылатын және аэроғарыш бағдарламалары мен жобаларын жүзеге асыруға, жаңа ғарыш технологиялары мен техникаларын жасауға бағытталған қорларды белгіленген тәртіппен ұйымдастыруға және қатысуға;

аэроғарыш қызметі саласындағы тұжырымдамаларды, бағдарламалар мен жобаларды әзірлеуге ғалымдар мен мамандарды, соның ішінде басқа мемлекеттерден де келісім-шарт негізінде тартуға;

аэроғарыш салаларының проблемалары бойынша ғылыми-техникалық және арнаулы форумдарға қатысуға және өткізуге, олардың шешімдері мен материалдарын жариялауға;

аэроғарыш саласының маңызды проблемаларын талқылау және шешу үшін ғылыми-техникалық кеңес құруға құқылы.

III. Агенттіктің қызметін ұйымдастыру

12. Агенттікті Қазақстан Республикасының Ғылым министрі - Ғылым академиясы президентінің ұсынысымен Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Директор басқарады.

Директордың "Байқоңыр" ғарыш айлағының басқармасын басқаратын, қызметке Агенттік Директорының ұсынысымен Қазақстан Республикасының Ғылым министрі - Ғылым академиясының президенті тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасары болады.

13. Директор Агенттіктің жұмысын ұйымдастырады және басқаруды жүзеге асырады және Агенттікке жүктелген міндеттердің орындалуына және өзінің функцияларын жүзеге асыруға жеке жауапкершілікте болады.

14. Д и р е к т о р :

орынбасары мен Агенттіктің құрылымдық бөлімшелері басшыларының арасындағы міндеттерді бөледі;

Қазақстан Республикасының Ғылым министрі - Ғылым академиясының

Президенті айқындаған құрылымға және штат санына сәйкес штаттық кестені бекітеді;

Агенттік қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

тәртіптік жазалар қолданады;

өзінің құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады;

"Байқоңыр" ғарыш айлағы басқармасы, Агенттіктің құрылымдық

бөлімшелері туралы ережелерді және оған бағыныстағы мемлекеттік кәсіпорындардың жарғыларын бекітеді;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес өз құзыреті шегінде Агенттікті мемлекеттік органдарда және ұйымдарда білдіреді;

өзінің құзыретіне жатқызылған басқа мәселелер жөнінде шешімдер қабылдайды.

15. Агенттік қабылдаған шешімдер директордың бұйрығымен ресімделеді.

16. Агенттіктің директоры Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының алқа мүшесі болып табылады.

17. Директор Агенттіктің ғылыми-техникалық кеңесін басқарады және Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының келісімі бойынша ол туралы Ереже мен оның құрамын бекітеді.

18. Агенттікті тарату мен қайта ұйымдастыру заңда белгіленген тәртіппен жүргізіледі.